

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№14
(936)

Бейсенбі, 7 сәуір 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Айыртау ауданының мәслихаты депутаттарының аудан тұрғындарына ҮНДЕУІ

АБАТТАНДЫРУ – ЖАЛПЫ ҚАМҚОРЛЫҚ Құрметті, айыртаулықтар!

Биылғы жылы біз күнтізбедегі ерекше күндер – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын және Солтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығын атап өтуге дайындық үстіндеміз. Үстіміздегі жылдың әрбір айы «Мәңгілік Ел» идеясындағы ұрандармен өтпек. Қазақстандықтардың барлық қызметтері еліміздің дамуының нақты бағыттары айқындалған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталған.

Біз, Айыртау ауданы мәслихатының депутаттары, ауданымыздың барша тұрғындарына, барлық жекеменшік түрлерінің басшыларына, бюджеттік ұйымдардың қызметшілеріне елді мекендерді, жолдар мен көшелерді, үйлерді абаттандыру және көгалдандыруға ат салысуға үндеу саламыз. Біз ауыл аумағының, ормандардың, өзендер мен су қоймаларының қоқысқа толып қалуына алаңдаймыз, сол үшін барлықтарыңызды жылу маусымының келуіне орай тазалық және жинастыру жұмыстарын жүргізуге шақырамыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын жүзеге асыру мақсатында айыртаулықтардан кеңселер мен дүкендердің, үйлердің қасбеттерің сыртқы жарнамаларың, маңдайшаларың қалыпқа келтіріп, заманауи талаптарға сәйкестендіруді өтінеміз. Тұрғылықты жерлерде тазалық жұмыстарын жүргізуді түрлі сипаттағы мәжбүрлі шара деп емес, өзіңнің шағын Отаныңа және қоршаған ортаға деген махаббатпен тазалық пен ұқыптылықты қажет деп тауып, оларды қалыпқа келтіруге шақырамыз.

Қазақстан Республикасы «Жасыл Ел» көгалдандыру бағдарламасын жүзеге асыру аясында кем дегенде 10 түп көшет, бұталар, жеміс-жидектер, гүлдер отырғызуға шақырамыз.

Біздің ортақ міндетіміз – көшелер мен аулаларды ретке келтіріп, ауылды қыс бойы жиналған қоқыстардан тазарту. Біздің үндеуімізге сәйкес ауданның әрбір тұрғыны ортақ ісімізге немқұрайлықпен қарамайтындай жауап алатынымызға сенімдіміз. Біз бірікпек, көз келген тапсырманы ойдағыдай орындап, ауылымызды таза, жайлы, көркем ете аламыз.

Аудандық мәслихаттың VI шақырылымының депутаттары.

2016 жылдың I тоқсанына Айыртау ауданы әкімінің, аудан әкімінің орынбасарларының және аудан әкімінің аппарат басшысының азаматтарды қабылдау кестесі

Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы - аудан әкімі, әр айдың екінші және соңғы бейсенбісі, сағат 10.00-ден - 13.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-646, 22-648.

Махметов Аманбек Ғазизұлы - аудан әкімінің орынбасары, әр дүйсенбі, сағ. 11.00-ден 13.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-164, 22-648.

Досымбеков Құрал Досымбайұлы - аудан әкімінің орынбасары, әр сәрсенбі, сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-479, 22-648.

Науанова Мафруза Тасболатқызы - аудан әкімінің орынбасары, әр сейсенбі, сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 21-641, 22-648.

Ғаббасов Әли Әнасұлы - аудан әкімінің аппарат басшысы, әр жұма, сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 21-782, 22-648

Аудан әкімінің виртуалды қабылдауы airtau.sko.kz сайтында қызмет етеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамның сенімін, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сонымен қатар аудан әкімі аппараты қызметкерлерінің лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарын және Әдеп кодексінің талаптарын сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 8(71533) 22646 сенім телефоны және airtau-akimat@sko.kz электрондық пошта қызмет етеді.

2016 жылдың I тоқсанында «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ бойынша «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі ақпарат

2016 жылдың I тоқсанында «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» ММ-іне барлығы 132 өтініш түсті, оның 120-і жеке тұлғалардан, 12-заңды тұлғалардан.

Өтініштер келесі мәселелер бойынша түсті:
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 43;
жерге қатысты – 25;
жұмыспен қамту – 17;
денсаулық сақтау – 1;
білім – 3;
құрылыс – 5;
ауыл шаруашылығы – 14;
басқалары – 24.

Барлық өтініштер уақтылы қарастырылды, оның ішінде 59-қанағаттандырылды, 73-түсініктеме берілді.

2016 жылдың I тоқсанында аудан әкімімен, аудан әкімінің орынбасарларымен, аудан әкімінің аппарат басшысымен 56 азамат жеке қабылдауда болды.

Аты-жөні	Лауазымы	2016 ж. 3 айы
Тастеміров А.А.	Аудан әкімі	37
Махметов А.Ғ.	Аудан әкімінің орынбасары	7
Досымбеков Қ.Д.	Аудан әкімінің орынбасары	5
Науанова М.Т.	Аудан әкімінің орынбасары	4
Ғаббасов Ә.Ә.	Аудан әкімі аппаратының басшысы	3
Барлығы:		56

Аудан әкімінің виртуалды қабылдауына 6 өтініш түсті, оларға түсініктеме берумен жауап берілді (тұрғын үй мәселелері, білім, құрылыс, жұмысқа орналастыру мәселелері), соның ішінде: облыс әкімінің виртуалдық қабылдауынан жылмен қамтамасыз ету бойынша 1 өтініш түсті.

100 нақты қадам

Ұлт жоспарының 1 институттық реформасы талқыланды



Ағымдағы жылғы 4 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысының Орталық коммуникациялар қызметінде Мемлекеттік қызмет істері министрлігі департаментінің өкілдері және Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы М.Д. Қожахмет баспасөз мәслихатын өткізіп, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының Бірінші институционалды реформасын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.



Ұлт көшбасшысымен айқындалған «100 нақты қадам» - мемлекет пен қоғамның дамуына оң серпін беруге бағдарланған.

«Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалық актілермен ашық конкурстық іріктеу, білікті мамандарды мансаптық жоғарылату, нәтижеге сай еңбекақы төлеу негізінде меритократия қағидаттары қамтамасыз етіледі. Бұл мемлекеттік қызметке тек адал білікті және білімді азаматтарды қабылдауға мүмкіндік береді», - деді Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Светлана Зайцева.

Ол өз баяндамасында мемлекеттік қызметтің құндылықтары мен принциптері бекітілген, мемлекеттік қызметшілердің жұмыста және тұрмыста өзін-өзі ұстау стандарттары айқындалған 12-ші қадам ая-

сында әзірленген жаңа Әдеп кодексіне де тоқталды. Аталған нормалар азаматтармен қарым-қатынас жасау, мүдделер теке-тіресі, бұқара алдында сөз сөйлеу және БАҚ-пен байланыс орнату мәселелерін реттейтін болады.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Мадияр Қожахмет, облысымыздағы кадрлар жұмысы мәселесіне тереңірек тоқталды және оның басты мақсаты – кадрларды іріктеуді жетілдіру, сонымен қатар өңіріміздегі мемлекеттік қызметшілердің сапалы құрамын арттыру болып табылатындығын мәлімдеді.

Ұлт жоспарының 13-қадамына сәйкес жаңа заңнамалар әзірлеумен жемқорлыққа қарсы күресті күшейту көзделген.

Аталған мәселе бойынша баяндама жасаған Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Нұрлан Жахиң Департаменттің бұл саладағы жұмысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жемқорлықты тудырушы себептер мен жағдайларды жою және мемлекеттік қызметтің көрсетілу сапасын арттыруға бағытталғандығын айтты.

Жаңа Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін азаматтық қоғамның жұмылдырылуын қамтамасыз ету қарастырылған.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық саясатының тиімділігіне, аталмыш саладағы заңнаманың дұрыс қолданылуына жүйелі түрде талдау жүргізуге мүмкіндік беретін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг» ұғымы енгізілді. Мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері мен ресми сайттарынан бөлек, үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері, БАҚ-тағы мақалалар және әлеуметтік сауалнамалардың көрсеткіштері де мониторингке жатады.

Кездесу барысында журналистермен мемлекеттік қызметті өткеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде көптеген сұрақтар қойылып, барлығына тиісті жауаптар берілді.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің СҚО бойынша департаменті.

Ресми бөлім

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Сәуірдің 5-і күні аудан әкімдігінде Қазақстан Республикасының ІІМ Төтенше жағдайлар жөніндегі Комитеті төрағасының орынбасары, генерал-майор Жасұлан Жұмашевтың төрағалығымен және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ТЖ жөніндегі Департаментінің бастығы, азаматтық қорғаныс полковнигі Павел Филипповтің қатысуымен ауданымызда көктемгі кезеңде су тасқынын болдырмау мақсатында аудандық Төтенше жағдайлар комиссиясының шұғыл отырысы болып өтті.

Ауданның Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Құрал Досымбеков комиссия мүшелерін ағымдағы жағдай, ауа райының жағдайы және көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстарын жүргізу барысы туралы ақпараттандырды.

Төтенше жағдай туындаған жағдайға аудан әкімдігімен су тасқынын болдырмау мақсатында автокөлік жол-

дарын шайып кетпеу және автокөлік жолдарының кедергісіз қызмет етуі үшін жол қызметтерімен су жіберу құбырларын тазалау және ашу жұмыстары атқарылуда.

Аудан аумағында су тасқыны салдарын жоюға қатысу үшін коммуналдық қызметтегі және ауыл шаруашылығы құрылымындағы барлық техникалар мен мобильдік топтар дайын.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ІІМ Төтенше жағдайлар жөніндегі Комитеті төрағасының орынбасары, генерал-майор Жасұлан Қыдырғожаұлы аудан бойынша су тасқынына қарсы атқарылып жатқан шараларға оң бағасын бере келе, көпірлерді, көлік магистральдарын тасқын судан қорғау, эпидемиологиялық жағдайды бақылауда ұстау, халықты су басу қаупі туындаған кезде жедел ақпараттандыру бойынша шараларға қарсы бірқатар тапсырмалар берді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.



«Молюкомат» қондырғысы орнатылды

Қазіргі таңда елімізде кәсіпкерлік кең өріс алып келе жатыр. Ел кәсіпкерлерінің сапында біздің ауданымыздың да осы саланың бұғашу-сегісін терең меңгерген азаматтары жетерлік. Солардың бірі аудан тұрғындары өміріне, кәсіпкерлік салаға жаңа өзгеріс енгізген Қазақстанда тұңғыш рет қолданысқа енгізіліп отырған сиыр сүтін сататын «Молюкомат» қондырғысын орнатқан «Прекрасное» ШҚ басшысы Бақыт Құсайынов.

Мұндай қондырғы елімізде алғаш рет Саумалкөл ауылының орталығындағы «Астана» дүкеніне орналастырылды.

Жеке кәсіпкер Бақыт Мәжитұлы бұл қондырғыны Ресей еліне жасаған іс-сапарында көзі шалып, еліне әкелуді жоспарлаған. Барлық саланың кез келген қызметі автоматтандырылып жатқан уақытта мұндай қондырғының болғаны әрі уақыт үнемдеу, әрі сапалы тауарға қиындықсыз қол жеткізу болып табылады. Жеке кәсіпкер молюкоматты «Молюковэнт» маркасымен Ресейдің Томск қаласындағы «Манета» зауытында тапсырыспен жасатқан көрінеді. Ол осындай 4 молюкоматты өз қаражаты есебінен 8,5 миллион теңгеге тапсырыспен жасатқан. Молюкоматтың сыйымдылығы 100 литр болатын картридж күн сайын таңертеңгі уақытта сауылған сүтпен ауыстырылып отырылады. Ал ауысып қалған жағдайда шаруашылық иелері ол сүтті келесі күнге қалдырмайды. Яғни күн сайын ешқандай қауіпсіз молюкоматтың жаңа сауылған пастерленген сүтін қолдануымызға болады. 1 литр сүттің құны 150 теңге.

Молюкоматтың бетінде арнайы басқарғыш түймелері бар. Ақша қабылдағышы қағаз ақша түрінде және тиын түрінде де қабылдайды. Және қалдық ақшаны да қайтарады. Сүт құйылатын картридж арнайы жүйемен арнайы қоспаларымен тазаланып, буланып отырылады.

(Толық ақпаратты газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

Семинар

Кәсіподақтың мемлекеттік аппаратқа үлесі

Ағымдағы жылғы 29 наурызда Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің СҚО бойынша департаменті басшысының орынбасары С.Н.Зайцева «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы. Әлеуметтік әріптестік және кәсіподақтар маңызы» тақырыбында өткен семинарға қатысты.



Семинарды ҚР Кәсіподақтар федерациясының оқыту, зерттеу және дауларды шешу орталығы және өңіріміздің Кәсіподақ орталығы бірлесе ұйымдастырды. Кездесуді ашқан Кәсіподақ орталығының төрайымы Ж.Қ. Ахметова, еңбек қатынастарын одан әрі жетілдіру мақсатында қабылданған жаңа заңнамада ұжымдық шарттың алатын орны ерекше екендігін атап өтті. Келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасасу үрдістері талаптарының күшеюіне байланысты жауапкершілік жүгі де артты.

Орын алған өзгерістер, сондай-ақ Еңбек кодексінің ережелерін тәжірибе жүзінде пайдалану жолдары туралы толығырақ ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Г.А. Жұмагелдиева баяндады.

Департамент басшысының орынбасары Светлана Зайцева жиынға қатысушыларды мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу саласындағы заңнамаға енген өзгерістерімен таныстырды. Әсіресе, жүргізіліп жатқан реформалар аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша мәселелерге ерекше назар бөлінгендігі айтылды.

- Бұдан былай Министрлік мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаумен айналысатын болады. Бұл мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін арттырудағы ұтымды әдістердің бірі болып табылады. Департаментпен тоқсан сайын көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге мониторинг жүргізіледі. Аталған бағытта облыстық Халыққа қызмет көрсету орталығы, СҚО ІІД әкімшілік полициясы және «Нұр Отан» партиясының жергілікті филиалымен бірлескен жұмыстар атқарылуда. Осыған байланысты кәсіподақ ұйымдарын белсенділік бойынша ұсыныстар енгізуге шақырамын, деді Светлана Зайцева.

Кездесуге кәсіподақ комитеттерінің төрағалары, кәсіпорындар мен мекемелер басшылары, персоналды басқару қызметтерінің жұмысшылары мен заңгерлер қатысты. Олардың әрқайсысына күнделікті жұмыста пайдалану үшін әдістемелік құралдар таратылды.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің СҚО бойынша департаменті.

Әкімдік отырысы

Әрбір жұмыс орнында барынша қайтарым болуы керек

30 наурыз күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің төрағалығымен ауданның ұйымдары мен кәсіпорындарының, құқық қорғау органдарының басшылары мен білім беру мекемелері басшыларының және ауылдық округ әкімдерінің шақырылуымен аудан әкімдігінде кезекті отырысы болып өтті.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асырудың 2015 жылғы қорытындысы мен 2016 жылға арналған тапсырмалары жөнінде ауданның кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлмира Әбілқайырова ақпарат беріп өтті. «Елді мекендердегі кәсіпкерлердің жаңа бизнес-бастамасын қолдау» бағыты шеңберінде 1903,366 миллион теңге сомасындағы 9 жоба қолдауға ие болып, жүзеге асырылды.

Ағымдағы жылдың үш айында 140,0 млн.теңге тұратын 3 жоба қолдауға ие болып, жүзеге асырылды. «Өндіріс-Даму» бағдарламасының көмегімен «Леонтьев» ЖК наубайхана мен кондитерлік цех ашты. Аудан басшысы айтып өткендей, 2015 жылы ауданның кәсіпкерлікті дамыту саласында өсу динамикасы байқалады. 37 жаңа жоба іске қосылса, олардың бір бөлігі мемлекеттік қолдаудың арқасында. «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары аясында жаңа

жобалар қарқынды жүзеге асырылуда. Арықбалық, Имантау ауылдық округтары ерекше қарқынмен дамуда.

Осы жылы ауданда мейрамхананың ашылуы («Машкин» ЖК), шағын элеватор құрылысы («Белая дорога» ЖШС), тоихана және қонақ үйі («НордСтройНС» ЖШС), кітап дүкені («Сорокина» ЖК), темір жол тұйығы («Сырымбет» АҚ), ірімшік және сары май өнімдерін даярлайтын цех («Гормолзавод» ЖШС), зергерлік өнімдерінің дайындалуы («Ақмолдин» ЖК) жоспарлануда.

Аудан әкімі Ағзам Тастеміров ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыпovsky ақпаратына сәйкес, білім беру мекемелеріндегі мемлекеттік аттестациялау қорытындылары мен ұлттық бірыңғай тестілеудің дайындық барысына айрықша көңіл бөлді. Ағзам Ахметжанұлы аттестация талаптарына жеткіліксіз дайындалған ауданның Заря (білім сапасы 20%), Карасевка (64%), Златогорка (20%), Айыртау (24%), №1Саумалкөл (50%), Арықбалық орта мектептерін (27%) және №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясын (60%) өткір сынға алды. Әр мектепте білім сапасы 70%-дан кем болмауы керек. Мұндай қорытындыға мектеп әкімшілігі тарапынан сабақ өту барысындағы бақылаудың болмағандығы, мұғалімдер ұжымының жеткіліксіз дайындығы, аттестацияға дайындықтың жүйелі сипаты болмағандығы себеп бо-

лып отыр. Сонымен қатар, аудан басшысы қысқа уақыт ішінде білім беру қызметі сапасын білім берудің мемлекеттік стандарттары талаптарына сәйкестендіруге, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын күшейтіп, тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізіп, түйінді мәселелерге сараптама жасау және «Алтын белгі» мен үздік аттестат үміткерлеріне баса назар аударуға тапсырма берді.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Едрес Жаппин көктемгі егіс даласындағы жұмыстардың дайындығы жөнінде ақпарат берді. 2016 жылғы егіс алаңының құрылымына орай, 303,7 мың га жерге дәнді дақылдар, 404,4 мың га жерге майлы өнімдер, 58,1 мың га жерге жем шөп түрлері, 2,8 мың га жерге картоп, 0,5 мың га жерге көкөністер, 7,7 мың га жерге күздік өнімдер егу жоспарлануда.

Техникалардың жөндеуі аяқталып, егіс кешені 100%-ға дайын. Аудан әкімі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысына оңтайлы уақыт ішінде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу шараларының барлық кешенін қамтамасыз етуге, өнімдердің тұқым алып кету қабілеттерін арттыруға, сұрыптарды жаңалап отыруға, элиталық тұқым себуди дамытуға, ауыл шаруашылығы техникаларын уақытында жаңартып отыруға ұсынды.

Өз тілшімізден.

Жария ету

ӨЗ МҮМКІНДІГІНДІ ЖІБЕРІП АЛМА!

Айыртау аудандық әкімдігі ғимаратында мүлкті жария ету заңнамаларын түсіндіру жұмыстары бойынша әр айдың соңғы бейсенбісі сайын Ашық есік күні өткізіледі.

Аталмыш шараға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі жанындағы мүлкті жария етуді ұйымдастыру бойынша комиссия мүшелері, Айыртау ауданы бойынша екінші деңгейлі банк өкілдері С.М. Қазжанова, Н.В. Голымбовская, мемлекеттік кірістер басқармасының Айыртау ауданы бойынша салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы А.М. Қазбекова, Айыртау ауданы әкімінің құқықтық мәселелер бойынша кеңесшісі Г.Б. Қарбаева, «Айыртау таңы» газетінің редакторы Б.К. Қожақовтар қатысты.

Комиссия мүшелері жұмыс барысында мемлекеттік кірістер басқармасының Айыртау ауданы бойынша өңдеу және есепке алуды қабылдау орталығы бөлімінің бас маманы А.Ж. Ильашеваның Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы жанындағы мүлкті жария етудегі комиссияның атқарған жұмыстары туралы, аудан әкімі аппаратының құрылымдық бөлімінің құқықтық мәселелер жөніндегі бас маман-заңгері А.А. Сексенбаевтың Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі жанындағы мүлкті жария ету жөніндегі комиссияның атқарған жұмыстары туралы ақпараттары тыңдалды.

Содан кейін мүлкті жария ету мәселесі бойынша азаматтарды қабылдау жүргізілді. Түсіндірме жұмыстарына ауданның 11 тұрғыны тартылып, олардың әрқайсысына жауаптар мен ұсыныстар берілді.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі жанындағы мүлкті жария етуді ұйымдастыру комиссиясының отырысында Айыртау ауданының екінші деңгейлі банк өкілдерімен және Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының өкілдерімен әр айдың соңғы бейсенбісінде мүлкті жария ету мәселелері бойынша Ашық есік күндері өткізіледі деген шешім қабылданды.

Аманбек МАХМЕТОВ,
аудан әкімінің орынбасары, Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы әкімдігі жанындағы мүлкті жария
етуді ұйымдастыру бойынша
комиссияның төрағасы.

Мүлкті жария ету

жөніндегі комиссия хабарламасы

«Айыртау ауданы әкімдігінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында әр айдың соңғы бейсенбі күні Саумалкөл ауылы Ш. Уәлиханов көшесі 44 үйде орналасқан аудан әкімдігінің ғимаратына (кіші залында) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі жанында мүлкті жария етуіне байланысты рақымшылық жасауға арналған комиссия және Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы мен облыстың екінші деңгейдегі банк өкілдерінің қатысуымен, аудан тұрғындары арасында мүлкті заңдастыру мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндірмелік жұмыс жүргізіледі және «Ашық есік күнін» өткізеді. Сіздерді қатысуға және қажет ақпаратты алуға шақырамыз.

Аманбек МАХМЕТОВ,
мүлкті жария ету бойынша
комиссияның төрағасы.

Саяхат

Шоқантанушылардың Айғаным қонысына сапары



Ұлы ғалым, жерлесіміз Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеу мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы Сырымбет ауылындағы Шоқан Уәлиханов мұражайы мен «Айғаным қонысына» ғылыми танымдық экскурсияға үйірменің 13 оқушысы барды.

Айыртауға келуімізді қолдап, барлық жағдайды жасап ұйымдастырған аудан әкімі – Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы еді.

24-26 наурыз аралығында Қостанай облысы, Әуликөл ауданына қарасты №28 Құсмұрын орта мектебінің география пәнінің мұғалімі, жетекші Қайыпбаева Бәкен Қабенқызы мен зертханашы Бейсембина Айнагүл Мұхамедиярқызы апарды. Бізді аудан орталығы Саумалкөлде поездан «Газель» автобусымен қарсы алып, мектеп-интернатқа орналастырып, осы сапарымызға басшылық жасаған ауданның кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлмира Әбілқайырова мен ауданның білім бөлімінің әдіскері Бахытгүл Омаровалар болды.

25 наурызда «Сырымбет» ауылындағы Шоқан Уәлихановтың тарихи этнографиялық мұражайына бардық. Шоқан атамыздың ескерткішіне тағзым етіп, мұражай директоры Уәлихан Құлбаев пен Сырымбет орта мектебінің директоры Есенбай Қадыров қарсы алды. Осы мектептің биішлері мен өңшілері өз өнерлерін көрсетті. Мұражай экскурсоводы Нұргүл Құлбаева бізді ғалымның өмірдеректерімен таныстырды.

Аталмыш мұражай 1985 жылы 17 қарашада Шоқан Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойына арналып ашылды. Мұражайда алты экспозициялық зал бар. Ортада Шоқан мүсіні тұр. Бөлмелерде шкаф сөрелерінде Шоқан атаның балалық шағы мен туысқандарының, Омбыда бірге оқыған достарының суреттері, Мақының сандығын, қолжазбаларын көрдік. Қазақстан мен Қашғария саяхаттарының карта сызбаларымен таныстық. Шоқанның сурет галереясы мен киіз үй макетінен әжесінің, әке-шешесінің бейне мүсіндерін, үй жабдықтарын, үлкен қобыз бен Қытай құмырасын, алтын шапан мен түрлі белбеулерді көрдік. Автобуспен Сырымбет тауы етегіндегі қайың-қарағайлы орман шетінде орналасқан «Айғаным қонысына» келіп, Уәлихан Құлбаев ағай Айғаным әжеңің үлкен ағаш үйі мен мектебің биік мешіт-медресені, монша мен құрал-сайман қорасын, жел диірменді көрсетіп, таныстырды. Газельмен аудан орталығы Саумалкөлдің әкімшілік-мәдени орындары мен мектептерін тәлімгер Бахытгүл Омарова аралатып, түнде Қостанай поезына бізді шығарып салды. Бізге үлкен қамқорлық пен қолдау көрсеткен Айыртау ауданының әкімдігіне, ауданның білім, кәсіпкерлік бөлімдеріне, мұражай, мектеп-интернат қызметкерлеріне үлкен алғысымызды айтамыз. Осы сапарымызды қолдап, бізге мүмкіндік жасаған №28 Құсмұрын орта мектебінің директоры Көбекова Индира Көңжетайқызына, Ә. Қабдуалыға, Н. Төлебаевқа, А. Махметоваға, А. Шоштановаға, М. Есқалиеваға, О. Молдасейтовке, Ә.Заякеге, А. Базарбаеваға, Т. Какеновке, А. Амантайға, Ж. Қабдоловтарға, балаларын осы саяхатқа үлкен сенім артып жіберген оқушылардың ата-аналарына алғысым шексіз.

Бәкен ҚАЙЫПБАЕВА,
№28 Құсмұрын ОМ-нің шоқантанушысы.
Қостанай облысы.

Білім беру

ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ

Бүгін білім жүйесінде дәстүрге айналған оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын жүргізілетін жұмыстың түрі – ОЖСБ. Ол 2012 жылдан бастап еліміз бойынша барлық аймақта жүргізіліп келеді. Оған 4 және 9-сынып оқушылары қатыстырылады және олар сынақ жүйесін өздері білім алып жатқан мектептерінде іріктеу арқылы тапсырады.

2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР «Білім туралы» Заңының 55 бабына № 398-V 2015 жылдың 13 қарашасында өзгертулер енгізілді.

ОЖСБ-ның негізгі мақсаты - білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда көзделген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау.

ОЖСБ бастауыш мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу мақсатында іріктеу арқылы, негізгі мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу және оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау мақсатында іріктеу арқылы, жалпы орта мектепте – оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау мақсатында ұлттық бірыңғай тестілеу форматында бес пән бойынша өткізіледі.

Тестілеуді өткізу үшін мектептерді іріктеу параметрі мектептердің репрезентативтік іріктемесі: қарапайым кездейсоқ іріктеме (Simple Random Sampling — SRS) әдісімен жүргізіледі.

Тестілеу жергілікті уақытпен сағат 9-00 де басталады.

4 сыныптар үшін тестілеу 2 пәннен өткізіледі, жалпы сұрақ саны – 30, тестілеудің жалпы уақыты – 70 минут (1 сағат 10 минут);

9 сыныптар үшін тестілеу 2 пәннен өткізіледі, жалпы сұрақ саны – 60, тестілеудің жалпы уақыты – 130 минут (2 сағат 10 минут). Тестілеушіге:

- бір орыннан екінші орынға ауысуға;
- БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз тестілеу материалдарын ашуға;

- тестілеу материалдарын басқа оқушының материалдарымен айырбастауға;
- калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді (Менделеев және тұздардың ерігіштігі кестесінен басқасын), электрондық жазба кітапшаларың корректор сұйықтығын және байланыс құралдарын пайдалануға;
- басқа оқушылармен сөйлесуге және көшіруге, шапалқа және басқа да анықтамалық материалдарды қолдануға;
- БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға рұқсат етілмейді.

Оқушылардың білім деңгейі балдық жүйе бойынша анықталады. Қазақ тілі пәнінен берілген 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау бойынша - 15 тапсырма, оқу сауаттылығына - 5 тапсырма. Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі:

бірінші деңгей – 10 (А), екінші деңгей – 7 (В), үшінші деңгей – 3 (С).

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін - 1 балл. Максималды балл – 20.

Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, Биология, География, Орыс тілі (қазақ/орыс мектеп.), Әдебиет, Алгебра, Химия, Физика, Ағылшын тілі пәндері бойынша берілген 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты - 25 тапсырма, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты - 15 тапсырма.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі:

бірінші деңгей – 21 (А), екінші деңгей – 12 (В), үшінші деңгей – 7 (С).

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады

Ал дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл бір қате үшін – 1 балл екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады, максималды балл – 55.

Ата-аналар мен оқушылардың назарына ОЖСБ нәтижесінен соң апелляция қарастырылмаған. Оқушылар келесі оқу жылына, яғни 10 –сыныпқа ОЖСБ нәтижесі бойынша қабылданады немесе қабылданбайды деген қағида жоқ және жетілдірілген білімдері ОЖСБ нәтижесі негізінде бағаланады тиіс.

ОЖСБ қатысушылар үшін интернет-қорлар және ондағы ақпараттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі www.edu.gov.kz, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті http://control.edu.gov.kz, Ұлттық тестілеу орталығы www.testcenter.kz сайттарында орналастырылған.

Ержан АЛҒОЖИН,

Айыртау ауданы бойынша Ұлттық тестілеу орталығының № 87 филиалының жетекшісі.

Президент Жолдауы: өсім, реформалар, даму

ОРНЫҚТЫ ДАМУ БАҒДАРЫ



Биылғы жылы еліміз Тәуелсіздік алғанының 25 жылдығын атап өтеді. Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту оны алудан әлдеқайда қиын деген сөзі әділ. Елімізді жаңа жаһандық экономикалық және саяси нақты ахуалда бірталай сын сағаты күтіп тұр.

Тәуелсіз дамыған жылдар ішінде бірегей жалпықазақстандық құндылықтар құрылды әрі нығайтылды, олар бүгінде бізді біріктіреді және еліміздің ортақ болашағының іргетасын құрайды. Бұл қазақстандық патриотизм, этностар мен конфессиялар арасындағы келісім мен диалог, көршілерге құрметпен қарау, үлкенді сыйлау.

Елбасы қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін халықты біріктіретін маңызды құжаттардың бірі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы болды. Жолдаудың мәні мен мазмұны Елбасының қырағылығы мен сұңғылалығын, оның әлемдік экономикалық дағдарыс пен геосаяси проблемалар ықпалымен туындаған қиын жағдайда қазіргі сын-тегеурін мен қауіптерге жедел, тиімді әрі ғылыми негізделген шешім табу шеберлігін тағы танытты.

Жолдауды іске асыру шеңберінде осы құндылықтарды сақтау үшін мемлекеттік органдардың алдында идеологиялық тұрғыдан маңызды міндет тұр – Қазақстан экономикасы дамуының ауқымды жоспарларына сай келетін ерекше рухани ахуал қалыптастыру.

Осыған байланысты дін істері басқармасы бүгінде жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастарды тиімді құру және халықпен жұмыс істеу мәселесінде ақпараттық және әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуде. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатыстырылған мамандардың біліктілігін арттыру жұмысы жүйелі негізде жүргізілуде.

Ақпараттық технологиялар заманында халықпен байланысу әрі етене жұмыс жасау өзектілігін жоғалтпады. Облыста 16 ақпараттық-түсіндіру тобы (облыстық, қалалық, 13 аудандық және бір жастардың) құрылды және жұмыс істеп тұр, олар дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндірумен айналысуда. АТТ құрамына теологтар, этномәдени орталықтардың, жастар бірлестіктерінің басшылары, Ардагерлер кеңесінің мүшелері, мәслихат депутаттары кірді.

Дін мәселелер жөніндегі АТТ жұмысы «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ құру арқылы күшейтілді. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда.

Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс еліміздің экономикасына да әсерін тигізді. Аталған жыл сайынғы Жолдау көбінесе экономика мәселесіне қатысты болғанмен, бейбітшілік, тұрақтылық және ұлтаралық қарым-қатынастар мәселесі де жеткілікті дәрежеде аталды.

Рухани дағдарыстың алдын алудың маңыздылығы да кем емес. Қазіргі жағдайда халықты тыныштықты, ұлтаралық достық пен конфессияаралық келісімді сақтауға шақыру бәріміз үшін маңызды.

Елбасы: «Біз тұрақтылықты бағалауымыздың арқасында бүгінгі бйікке жеттік. Ешкімге тіл тигізбестен және тілдік әрі діни белгілері бойынша дискриминацияламастан, барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз ете отыра, біз тұрақтылығымызды нығайтудамыз. Халықтың бірлігі – біздің басты байлығымыз, оны болашақ ұрпағымызға мирас етеміз», - деді.

Бүгінде біз этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін жасап шығара алдық деп нық сеніммен айта аламыз. Біздің қоғамдағы полиэтностық пен мәдени әралуандық ұлтымыздың рухани-имани байлығының сарқылмас көзі болып табылады.

Елімізде дініміз өз функцияларын іске асыруы үшін қолайлы жағдай жасалған, дінаралық диалог процесі қарқынды жүруде, діни сенім бостандығы конституцияда және 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген. Қазақстан егемендік жылдары ішінде бөрінің діни сеніміне сөзсіз бостандығын – мұсылмандарға, православтарға, католиктерге, протестанттарға, иудейлерге, басқаларына да қамтамасыз етті.

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің ойдағыдай өткізілуі еліміздің саяси бағытының дұрыстығын көрсетіп қана қоймай, конфессияаралық ынтымақтастықтың қазақстандық бірегей үлгісінің тиімділігіне куә болды.

Әлемдегі соңғы оқиғалар, соның ішінде ұлттық және діни факторлармен шартталғандары, ұлтаралық келісім мен конфессияаралық диалогтың елдердің орнықты

дамуының шарты ретіндегі маңызын асыра бағалау мүмкін еместігін көрсетті.

Соңғы кездері біз жиі көптеген этностық және діни жанжалдар мен қақтығыстардың куәсі болудамыз. Сондықтан еліміздің аса құнды игілігі дәл осы этностық және діни салалардағы келісім болып табылады, мұны отандық және шетелдік сарапшылар растап отыр. Тәуелсіздік жылдары ішінде рухани дәстүрлер мен діни құндылықтар жаңғыртылды, діни ғимараттардың: мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлерінің жаңалары салынды да, ескілері реконструкцияланды. Құрбан Айт пен Христос Рождествосы діни мейрамдары демалыс күндері деп жарияланды.

Сарапшылардың мәліметі бойынша Солтүстік Қазақстан бүгінгі күні 100-ден астам этнос пен 7 конфессия мен 10 деноминацияның жылы ұясына айналды. Еліміздегі этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар ахуалының талдауы олардың беріктігінің деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Биылғы жылы тұңғыш рет Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Алғыс айту күні» мерекеленді. Президентіміз атап өткендей: «...Бүгінгі күн барлық этностардың бір-біріне және қайырымдылық танытып, оларды туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айтуының нышанына айналуы тиіс. Мұндай дәстүрді енгізу қазақстандықтарды тұтастыра түседі және қайырымдылық пен махаббаттың жарқын мейрамына айналады».

Өңірде мемлекеттік органдар мен көпшілік діни бірлестіктердің арасында сенімді қарым-қатынас орнады. Жетекші конфессиялардың басшылары – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері.

Солтүстік Қазақстанның конфессионалдық секторында маңызды орынды жергілікті халық үшін неғұрлым дәстүрлі сүннет ислам, орыс православ христиандығы, сондай-ақ поляктар, немістердің соғыс жылдары жаппай қоныс аударуымен байланысты католик христиандығы алып отыр.

Әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша діндарларға облыс халқының 84,8%-ы құрметпен қарайды, тұрғындардың 92,3% еліміздегі және облыстағы діни ахуал мен конфессияаралық қарым-қатынастарға оң бағасын береді. Өңір тұрғындарының 94%-ы мемлекет жүргізетін тағаттылық және конфессияаралық келісім саясатын қолдайды.

Бүгінгі күні облыста 170 діни ғимарат жұмыс істейді, соның ішінде 67 мешіт, 31 православ діни ғимараты, 44 рим-католик костелдері мен кішкентай шіркеулері, 28 протестанттық ғибадат үйі.

Қазіргі таңда 12 діни ғимарат салынуда, соның ішінде 6 мешіт пен 6 православ храмы.

Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» бағдарламасында Қазақстан дамуының жаңа кезеңі көрсетілген. Олардың ішінде азаматтармыздың бірыңғай болашағына тікелей қатысты 6 қадам, және осы жерде біздің көпұлтты, көп конфессиялы әралуандығымыз басқа қадамдарды іске асыруда жетекші рөл атқаруы тиіс. Жаһандық сипаттағы қатерлер, экстремизмнің сын-тегеуріндері, этносаралық алауыздық, айналамызда орын алып жатқан оқиғалар аясында іштей ұйымдасқан, бір мақсатпен және идеологиямен біріктірілген мемлекеттің ғана болашағы бар екені түсінікті болады.

Әкінішке қарай, бүгінде біз саясатшылар дінді өз пайда-сына жиі пайдаланатынын көреміз. Діни негізде қандай да бір қақтығыстар орын алғанда біз қашанда соған ұрындырған саяси астарды байқаймыз. Бүгінде ИЛИМ террористік тобының іс-қимылы бүкіл әлемнің назарын аударды. ДАИШ боевиктерінің Ислам дініне қандай да бір қатысы болуын сөз қылудың өзі артық. Олардың іс-қимылы Ислам қағидалары мен құндылықтарына толықтай қайшы келетініне күллі әлемнің көзі жетті. Осы күнге шейін боевиктер жиһадты желеу етіп екі мемлекет – Сирия мен Ирактың бейбіт тұрғындарының өмірін қиып, қанға бекітуде. Дәстүрлі конфессиялардың көшбасшылары бүгінгі күні ДАИШ тарапынан бұдан кейінгі экстремистік және террористік қимылдардың алдын алуға бірлесіп күш жұмсауға шақыруда.

Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кирилл мен Рим Папасы Францисктің Гаванада өткен тарихтағы бірінші кездесуі Орыс православ пен Рим-католик шіркеулерінің қарым-қатынасы жаңа сатыда қалыптасуына үміт шырағын жағып қана қоймай, жаһандық дінаралық диалог дәуіріне де бастау берді, ол қазіргі әлемдегі экстремизм мен өшпенділік проблемасын іс жүзінде жеңуге септігін тигізеді.

Дінаралық келісім мен бейбітшілік Қазақстан халқының рухани дәстүрінің өзегін құрайды. Өткен мен бүгіннің стратегиялық жетістігі – Қазақстанның көпұлтты және поликонфессионалды халқының бірлігі, болашақта да маңызды басымдық болуы тиіс. Ал біздің жұмысымыздың басты нәтижесі қоғамдағы бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік болады.

Мұратбек ЗЕЙНУЛЛИН,
СҚО дін істері басқармасының басшысы.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Жемқорлықты жеңу – басты міндет

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып бекітілгеннен бері көптеген қиыншылықтардан өтіп, тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылды.

«Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы – бұл біз барлығымыз қалағымыз келетін мемлекетті сипаттауға қажетті түйін сөз. Біздің қаншалықты алға жылжуымызға байланысты. Бұл ұйғарым бізге жол сілтеуші болып қызмет етеді», – деп, Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» Жолдауында атап өтті. Қазақстан саясатының біліктілігі күмән туғызбайды. Бүгінгі күннің басымдылығы – жеткен жетістіктерді сақтап және болашақ үрдістерді бекіту. Қазақстанда ұлттық саяси тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға тиімді жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасында Демократиялық және құқықтық мемлекет құрудың ең басты кедергісі ол жемқорлық мәселесі болып отыр. Бұл бір мезетте тұлғаны да, қоғамды да, мемлекетті де бұзатын бірден-бір қауіпті фактор. Жемқорлық бұл – қоғам мен мемлекетте қылмысты пайда болуының қауіпті және ауқымды белігі. Қоғамдық тұрғыдан алсақ, қауіптілік – жемқорлықтың мемлекеттік негізін құлдыратып, белгілі бір деңгейге жете барлық қоғамға қауіп төндіруде.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлктік (мүлтік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Аталған заңның талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдар және жергілікті басқару органдары өз құзіретінің шеңберінде жемқорлық қылмыс пен құқықбұзушылық жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту мен жемқорлықпен күресуге міндетті.

Барлық мемлекеттік органдар осы бағытта мақсатты жұмыс жасауға міндетті. Жемқорлықты шектеу көшенді түрде барлық жақтарда бірдей жүзеге асырылуы тиіс, өйткені жемқорлыққа қарсы саясат биліктің әр түрлі деңгейінде кедергіге тап болады. Жемқорлықпен күресуді нәтижесіз шараларды айқындау мен олардан бас тартып неғұрлым нәтижелі шараларға ауыстыруға қайта қарастырып отыру қажет. Жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жемқорлықтың қандай да бір көрінісіне жол беруі бойынша шараларды күшейтуге бағытталған.

Жариялық – бүгінгі таңда жемқорлықпен күреспен тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Халық жемқорлық қоғамға тигізетін зардабын, жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін қарастырылған жауапкершілік туралы хабардар болуы керек. Осылайша әрбір азамат мұндай қылмысқа бармас бұрын өзінің болашағы, отбасы туралы ойлайды. Бұл саладағы халықтың хабардар болуы ғана белгілі бір нәтижеге жетуге көмектеседі.

Әділет органдарына қатысты мемлекеттік қызметті көрсетудің «Бір терезе» қағидасы бойынша жүзеге асырылуы қызмет сапасын көтеруге сөз бұйда мен төрешілікті жоюдың басты шарты және жемқорлықпен күресудің бір тәсілі болып табылады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жемқорлық – бұл мемлекеттің және барлық қоғамның рухани мәселесі. Оны түптеп жоюдың жолы – мемлекеттік қызметішінің алдындағы тұрған міндеттерді адал орындау, жемқорлықтың қандай да бір көрінісі мен қоғаммен жұмылып күресу мемлекетімізде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының бар ынтасымен талпыну.

Айнагүл ЖАМАЛИДЕНОВА,
Айыртау аудандық Әділет
басқармасының бас маманы.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен 2015 жылы тұрғындарға көрсетілген мемлекеттік қызметі

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, ауылдық округ әкімімен басқарылатын, ауылдық округ аймағы бойынша жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару қызметін іске асыратын Қазақстан Республиканың мемлекеттік органы. Орналасқан жері: 150108, Новая көшесі, 24, Казанка ауылы, Айыртау ауданы, Солтүстік-Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы.

Азаматтарды ауылдық округінің әкімі Городецкий Алексей Владимирович қабылдайды, байланыс телефондары 8 (71533) 55-102, 55-148.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы бойынша, «Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызмет стандарттарына сәйкес келесі қызмет атқарады. Мемлекеттік қызмет дүйсенбіден бастап жұмаға дейін көрсетіледі, демалыс және мейрам күндерін алып тастап, жұмыс уақыты график қондырғысына сәйкестірілген. Мемлекеттік қызмет қағаз сақтаушымен, ақысыз түрде көрсетіледі. Барлық толық және ең анық мемлекеттік қызмет көрсету үшін ақпараттар азаматтарға оңай көрінетін жерде орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет жолданымнан кейін бір жұмыс күн мерзімінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет беруге жауапты маман бекітілген. Мемлекеттік мекемесінің нәтижесінің өрекеті үшін жауапты маманмен ай сайын ішкі бақылау жүргізіледі, көрсетілген қызметтердің тіркеу журналы, қызмет көрсету карточкалары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін, мемлекеттік қызметті пайдаланушы өзінің тұлғасын анықтайтын жеке куәлікті көрсету қажет. Жауапты адам 10 минуттің ішінде жолданымды қабылдайды және тіркейді, ауылдық округтің шаруашылық кітабі бойынша, қызмет алушының мәліметтерін тексереді, анықтаманы толтырады немесе қабыл алмау жөніндегі дәлелді жауапты басшыға қол қоюға жөнелтеді. Мемлекеттік қызметтерді көрсеткен уақытта бюрократтық бастылыққа жол бермеумен қатар, маман өзі беретін мәліметтің сақталуы мен жайылмауын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі, қабылдайтын шешімдер мен мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігі және сапасына ауылдық округ әкімінің аппараты жауапты.

Қызмет алушылардан қызмет берушілерден шешімдері мен қимылдарына сұрақтар туындаған емес.

Барлық 2015 жылда 145 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: - қосалқы шаруашылығының бар болуы туралы анықтаманы беру.

Алексей ГОРОДЕЦКИЙ,
Казанка ауылдық округінің әкімі.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен 2015 жылы тұрғындарға көрсетілген мемлекеттік қызметі

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік қызмет туралы» заңнамаларына сәйкес, тұрғындарға келесі қызмет түрлерін көрсетті:

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органнан тұрғын үйді жалға алуға

мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның жеке меншік қорынан тұрғын жайды жалға беру». Өтініштерді қабылдау және көрсетілген мемлекеттік қызметтің қорытындыларын беру Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы тегін жүргізіледі. 2015 жылы барлығы 113 мемлекеттік қызмет көрсетілді;

«Мемлекеттік кәсіпорынның не мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйдің

немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйдің болуы (болмауы) туралы анықтама беру». Өтініштерді қабылдау және көрсетілген мемлекеттік қызметтің қорытындыларын беру Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Асан АЗБЕРГЕНОВ,
ауданының ТКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы.

ДАИШ-ТІҢ ҚАУІП АСҚЫНЫП ТҮР

Бүгінде Ирак пен Сирия жерін қаңға бөктіріп, тұтас әлемге қауіп төндіре бастаған ДАИШ террорлық ұйымы, олардың идеологиясы, негізгі көздеген мақсаттары, радикалды діни ағымдардан қорғану тақырыбында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, PhD докторы Құдайберді Бағашаровты әңгімеге тартқан едік.

– Құдайберді Сабыржанұлы, қазіргі уақытта қауіпсіздік саласында да, саясатта да, тұрақтылық пен дін тақырыбында да басты мәселенің бірі ДАИШ террорлық ұйымы болып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан сұқбатты мына сұрақтан бастасақ. Жалпы ДАИШ қандай ұйым, көздегені не?

– Қазіргі мұсылман елдерге қарасақ, Ауғанстанда әл-Каида, Ирак пен Сирияда ДАИШ, Сомалиде әш-Шәбаб, Нигерияда Боко Харам, Түркияда Күрдтерден құралған террорлық ұйымдар секілді бірқатар атышулы лаңкестік топтар барын көреміз. ДАИШ – осылардың арасында жауыздығы асқынып тұрған, ең белсенді лаңкестік топ. Жалпы көздеген мақсаты – аты да айтып тұрғандай, Ислам мемлекетін құру, халифаттық басқару жүйесін орнату. Халифат дегеннен шығады, анығында, қарамағындағы халық негізгі құқықтар мен бостандықтарға, таңдау құқына ие және басқа да қабылданатын шешімдерге қатыса алатын болса, діни сенім еркіндігі қамтамасыз етіліп, мемлекет сөз бостандығы мен білім беруді қолдайтын болса, бұны Құранға қайшы деп қарастыру қиын. Тіпті бұндай жағдайда басқа мемлекет іздеудің, өзге елді паналап көшудің еш қажеті жоқ. Шарифатта мемлекетті басқару қағидаттарына небәрі бес пайыздай ғана көңіл бөлінсе, қалған тоқсан бес пайызын исламның басқа да бұйрықтары, моральдық жүйесі, адамгершілік қасиеттер, сенім негіздері құрайды.

– Сонда бұл топтар Ислам дінін дұрыс түсінбеуде ме?

– Иә, мәселен, Ауғаныстан Ислам әмірлігі деген атпен 1996-2001 жылдары билікке келген Талибан өздерінің дінге жатқызып жасаған іс- әрекеттерімен әлем қауымдастығының қарсылығын тудырмап па еді?! Олар да идеологиясының негізін ел басқару жүйесін шарифат заңдарына бағыттады. Бақылауындағы аймақтарға күштеп талаптар қойды. Тіпті қыз балалардың мектепте білім алуына қарсылық танытты, тағы біраз дүниелерге орынсыз тыйым салды. Нигериядағы «Боко Харам» лаңкестік тобы да батыстық білім беру жүйесіне қарсылық деп, қыз балалардың мектептерге баруына жол бермеуде. Ал шындығында, білімге тосқауыл қоюмен мұсылман елдерінің алға жылжуы қиын. Қыз балаларды ұл балалардан кем етпей қайта оқыту керек. Оқумен қоса, жақсы мұсылмандық тәрбие беремін десе, ол өз еркі. Модернизм мен Батыстық білім беру жүйесіне қарсылық танытуды ақылды ұйғарымға жатқыза алмаймыз. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп ата-бабаларымыз айтқандай, батыстық озық дүниелердің көрегін таңдап алып, шығыстық құндылықтармен синтездей білген жөн.

– ДАИШ сонымен несімен қауіпті?

– ДАИШ-тің қауіп-қатерін бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады. Мәселен, мүшелерінің қолына қару ұстатып, қара күшке арқа сүйеуі. Тарихтан да байқалғандай, жақсылықты іс ешқашан зорлықпен жасалмайды. Ислам діні де әу бастан бейбіт ұстаныммен таралды. Сондықтан, дегенін күшпен істету ислам ұстанымына қайшы. Олар исламды зорлықшыл дін ретінде көрсетуде. Құран аятында дінде күштеу жоқтығы анық ескертілген. Екінші бір қауіп, шімірікпей адам өлтіруі. Тіпті мұсылман болса да қанын судай шашуы. Бұл исламдағы ең алғашқы бүлікшіл ағым Харижиттерде кездескен ерекшелік. Харижиттер өз пікірлеріне қосылмағандарды күпірлікпен айыптаған, хазірет Османды, әділетті халифтардың соңғысы хазірет Әлиді де еш шімірікпестен шейіт еткен, тіпті сол әрекетін мақтаныш көрген. Сахаба Абдулла ибн Хаббаб ибн Әрат пен

аяғы ауыр әйелін де өз пікірлеріне қосылмағаны үшін-ақ аяусыз түрде өлтірген. ДАИШ-тіктер әйел, бала-шаға демей, керек десеңіз, өзге дін өкілдерін де талғамай өлтіріп, әлем жұртшылығын Ислам десе, шошитын күйге келтіруде. Ал исламда адам өлтіру үлкен күнә. Соғыс кезінің өзінде әйел, бала-шағаны, бейбіт тұрғындарды, ғибадатханаларды паналағандарды, көрі кісілерді өлтіруге тыйым салынған. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) «Кім мұсылмандар қарамағындағы өзге дін өкіліне қиянат жасаса, ақыретте онымен өзім есептесемін» деп қатаң ескерткен. Сондықтан бұл әрекеттерді тек жауыздық деп қана бағалауға болады. Бұған қоса, халифат орнатамыз деп даурығатындай Сирия да, Ирак та өзге дінді ұстанатын елдер емес, тарихтан ислам мәдениетінің бесігі болған, арғысы ұлық имам Әбу Ханифа, бергісі Уахбату Зухайли секілді небір мықты ғалымдар шыққан орта.

– Сөз арасында Харижиттер туралы айтып қалдыңыз. Харижиттік көзқарас, түсініктің ерекшелігін қалай ажыратуға болады?

– Харижиттер – Ислам тарихындағы ең алғашқы бүлікшіл ағым ретінде білінеді. Заңды билікке қарсы келу, талас-тартыспен бүлік шығару, қарулы қарсылық таныту, орынды уәжге тоқтамау, тек өздерін ғана ақиқатшыл деп біліп, өзгелерді адасуды деп қабылдау, өздеріне қосылмағандарды жау санау, күнә істеген адамды көпір деп айыптап, оны өлтіріп, дүние-мүлкін тонауға болады деп қабылдау, өз түсініктерін өзгелерге күшпен таңуға тырысу, зорлықшыл әрекетке бару, таңдаулы сахабалардың өзін аяусыз өлтіру, террорлық акт жасау т.б. алғаш осыларда байқалған. Өкініштісі сол, әділетті халифалар кезінде пайда болған аса қауіпті харижиттік түсінік тарихта сол күйі жоғалып кетпеді. Одан бергі ғасырларда да әр түрлі атпен қылаң беріп келеді. Бүгінгі террорлық діни ұйымдардың астарынан да осыны байқауға болады.

– Енді бұндай радикалды ағымдармен күрес турасына ойыссақ...

– Иә, дінді қате түсінудің дінге тигізер кесірі сыртқы күштердің дінге тигізетін кесірінен әлдеқайда орасан. Расында, бүгінгі күні мұсылмандар өздеріне деген сынды күшейткені дұрыс. Радикал топтардың қатарына ертіп кете беретіндей, ақ пен қараны ажырата алмайтындай халық соншалықты діни сауатсыз ба? Жоқ, жастарымыз қараусыз ба? Егер шынымен де деңгейіміз сондай төмен болса, онда бұл мәселенің шешімі сондық ұзай түседі. Ендеше, халықты қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отыруды үзбеген дұрыс. Әрі радикалды идеялармен тек дінге жауапты мекемелер ғана емес, басқа да азаматтық қоғам ұйымдары, мемлекеттік мекемелер – бәрі жұдырықтай жұмыла кірісуі керек. Елімізде 15-16 белгілі лаңкестік діни ұйымдарға тыйым салынған. Араларына былтырғы жылы осы ДАИШ де кірді. Өйткені жалпы әлем елдеріне төніп тұрған қауіптен Қазақстан шет қала алмайды. Республикамызда профилактика жұмыстарының арқасында діни радикалды сайттарға тазарту жүргізіліп тұрады. Дін істері комитетінің ұйымдастыруымен бірқатар маңызды шаралар қолға алынууда. Ақпараттық насихат топтарының да түрмелерге дейін барып өте белсенді жұмыс істеп жатқанын білеміз. Оның тысында Облыстық Дін істері басқармалары да ауыл, аудандарда дін және зайырлылық тақырыбына жиі кездесулер ұйымдастырады. Муфтият жүйесі өз алдына, дінтану сабақтары да белгілі бір деңгейде жастардың дұрыс дінні түсінік алуына көмектеседі. Бұның барлығы да радикалды идеяларға еріп кетпеу үшін елімізде жасалып жатқан жұмыстар. Бұған қоса, исламның бейбітсүйгіш келбетін, ғылым, білім, дінаралық сұқбаттастыққа ашықтығын, көптүрлілікті байлық деп білетінің, толеранттылығын, әрдайым татулық пен тыныштықты жақтайтынын, ондағы жихад, әйел түсінігі, наным-сенімі, ұлты, нәсіліне қарамастан адамға құрмет пен адам өмірін сақтаудың маңызы, адамгершілік құндылықтарын да жиі насихаттап түсіндіре берген дұрыс.

– Уақыт бөліп, сұқбаттасқаныңызға рақмет! Әңгімелескен Гүлмира ШАРХАНҚЫЗЫ.

ҚАСИЕТТІ – ЕРЕЖЕП АЙЫ

Сәуір айының 7-сінен 8-іне қараған түнінде қасиетті Ережеп айы басталады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) айтқан: «Ережеп - Алла тағаланың айы, Шағбан - менің айым, Рамазан - үмбетімнің айы» - деді.

Ережеп мағфират айы, адамдардың күнәларын кешіретін ай. Сол себепті ол Алла тағаланың айы болып есептеледі. Ал Шағбан - шапағат айы, бұл айда баарат кеші, ғибадат түні бар. Сол себепті ол - пайғамбарымыздың айы. Рамазан - тозақтан құтылатын ай. Яғни, күнәдан тазарып, құлшылық ететін ай. Сол себепті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар үмбетінің айы болып есептеледі.

Ережеп айында бес түрлі пенделеріне Алла тағала мейірімді болады: олар 1-ші Ережеп айы келгенде күнәларына кешірім тілеп, нәпіл ораза ұстап құлшылық етуші адам. 2-ші Алла жолында Отан үшін, дін үшін деп өлген кәміл шәһид. 3-ші жұма намазын қалдырмаушылар. 4-ші Насихатшы ғалымдар. 5-ші Алла тағаланың дидарына ғашық болған тақуалар.

Бұл үш қасиетті айды қадірлеу - күнә жасаудан сақтану, ғибадат, құлшылық ету дегенді білдіреді. Мұны өз дәрежесінде түсіне біліп, орындауға тырысқан адамға Алла тағала береке береді.

Ережеп айында нәпіл ораза ұстаудың сауабы үлкен. «Шындығында жәннатта бір өзен бар. Оны «Ережеп» деп атайды. Оның суы сүттен ақ, балдан тәтті. Кімде-кім Ережеп айында бір күн ораза ұстаса, Алла тағала ол пендесіне осы өзеннің суын ішкізіп, дәмін татқызады» - деп жазылған пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисінде.

Хадис арқылы бізге жеткендей, Ережеп айының 1-күні ораза ұстаған 3 жылдық, 2-күні ораза ұстаған 2 жылдық, 3-күні ораза ұстағанға 1 жылдық нәпіл ораза ұстаған сауап беріледі, 3 күннен кейін әр күніне бір ай нәпіл оразаның сауабы барылады.

Ережеп айында Алланың заты және сипаты жайында баяндайтын Ықылас сүресін көп оқыған абзал. Әсіресе бұл айдың құрметіне орай 11 рет Ықылас сүресін оқумен қатар истигфар, салауаттарды

да көп оқу керек. Бұл айда екі қасиетті түн бар. Ережеп айының алғашқы жұма күні, Рағайып түні, 27-түні, Миграж түні.

Ережеп айының алғашқы түнінде бір Тәсбих намазын оқыған жөн.

Ережеп айының әр күнінде басында және соңында 7 Фатиха оқу арқылы 100 Ықылас сүресін оқу өте үлкен сауап.

Бұл айда мүмкіндігінше Пайғамбарлардың (с.ғ.с.) дұғаларымен жалбарынып және ораза ұстау керек. Бұл айдың 13, 14, және 15 күндері ораза ұстағандар бұл сүннетті орындаған үшін көптеген ауруларына шипа табады.

Құрметті мұсылман бауырлар! Тәңірімізге құлшылық етейік. «Тәңірін таныған халықтың еңсесі биік, болашағы мәңгілік» - дейді ұлы бабаларымыз. Ендеше көп оқып, көп білім алайық, ішкі ниетіміз таза болып Ережеп айын қарсы алып, көңіліміз толатындай етіп шығаруға Алла тағала нәсіп етсін!

Сайлау ҚАЗБЕКОВ, аудандық Қайрош ата мешітінің бас имамы.

Маман кеңесі

ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет

«Техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 730 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1151 бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына өзгерістер енгізілді (1. «Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру», 2. «Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру», 3. «Сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елің, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау»).

Өзгерістерге сәйкес аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша қазіргі уақытта көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы көрсетілумен қатар ба-ламалы түрде Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылатын болады. Яғни таңдау көрсетілетін қызметті алушыда.

Бұл мақсаттар үшін, қазіргі уақытта Комитет аталған қызметтерді ХҚКО арқылы көрсетуді сынақтан өткізу жұмыстарын бастады.

Сонымен қатар, шығатын құжат «мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі» (сарапшы-аудитор аттестаты, аттестаттың телнұсқасы не сарапшы-аудитор ретінде аттестаттаудан дәлелді бас тарту, типін бекіту туралы сертификат немесе типін бекіту туралы сертификаттың түлнұсқасы) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» қалыптастырылады.

Екатерина ПАРШИНА, ҚР ИЖДМ ТРМК СҚО бойынша департаментінің бас маманы, СҚО мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Деректі әңгіме

Оқушы бала

Бастауыш мектепті бітіріп келген 4 сынып оқушыларын бесінші сыныпқа қабылдап алған мұғалім өзін Фатима апайым деп таныстырып, оқушылардың ешбірін бөліп жармай, барлығын сыйлайтынын және сабақты жақсы оқуларына тілектес екенін айтты. Бірақ алдыңғы партада отырған шашы өсіп, ұсқыны кеткен баланы көріп тіксініп қалды.

Оқу жылы басталды. Мұғалім өз сыныптастарымен бірге ойнамай, бәрін жатсынып жалғыз жүретін осы баланы суқаны сүймей кетті. Оның үстіне үсті-басы күтімсіз қоламсы иісі шығатын баланың жанына жиреніп ешкім отырмайтын. Ол баланың есімі Серік еді.

Күндердің күнінде оқу ісінің меңгерушісі сынып жетекшісіне оқушылардың бастауыш сыныптан бастап жазылған барлық құжаттарын сараптап ретке келтіруді тапсырды. Мұғалім олақ оқушының іс қағазын ең соңына қойды. Барлығын аяқтап, соңында оқуы шорқақ, өзі салақ оқушының іс қағазын ашып танысты да жүрегі сыздап кетті.

Бірінші сыныпта оқытқан мұғалімі оның мінездемесіне: «Аңқылдаған күлкісімен, жанына шуақ шашып жүретін жайдары мінезімен сүйкімді бала. Сабаққа зейінді, үй тапсырмасын өте таза да ұқыпты орындайды» деп жазған.

Бұл жазылғанға сенбей, жалма-жан екінші сынып мұғалімінің жазған мінездемесіне көз салды: «Бұл өте озық оқушы, сыныптастарының арасында беделді. Бірақ өмір мен өлім арасында жанталасып жатқан ауру анасының жағдайы оны қатты қинап жүр».

Үшінші сыныпта берген мінездемесінде: «Анасының қазасы баланың қабырғасын қайыстырып кетті. Әкесі басқа әйелге үйленіп балаға қарайлайтын емес. Өгей шеше балаға күн көрсетпейтін көрінеді. Осылай жалғаса берсе, баланың оқуға ынтасы жоғалары анық». Сынып жетекші оқып отырып біреу өзінің жүрегін жұлып алғандай күйге түсті.

Төртінші сыныпта берілген мінездемеде: «Баланың оқуға талабы бар, бірақ жалтақ, жасқаншақ, біліп тұрған ойын жеткізе алмайды. Ешкіммен араласпай кетті. Кейде сабақ үстінде ұйықтап қала беретін әдеті пайда болыпты», делініпті. Сынып жетекшісі баланың құжаттарын оқып отырып баланы аяп, жанын қоярға жер таппады...

Халықаралық әйелдер күні оқушылар мұғалімге әдемі жылтыр қораптарға салып сыйлықтар тарту етті. Ал жақтырмайтын оқушысы сыйлығын тұрпайы қорапқа салып мұғаліміне «Мен үшін дүниедегі ең қымбат анамның заттарын сыйлап, сізді анамның көзіндей көріп жүргім келеді» деп айтқан соң мұғалімі оның көңілін қимай сыйды қабыл алды. Қорап ішін ашып қараса, қарапайым тастардан істелген алқа мен ортайып қалған өтір шыққанда, оқушылар сыныпты басына көтере күліп жіберді.

Мұғалім болса: «О, қандай әдемі алқа!» деп күлкіні сап тыйды да мойнына киіп, өтірді үстіне септі. Сабақ аяқталғанда Серік Фатима апайға келіп: «Сізден менің анамның иісі шығып тұр», - деді де көзі мөлтілдеп далаға шығып кетті. Ол шығып кеткенше әрең шыдап тұрған мұғалім көзіне келген жасты ірке алмады.

Осы күнге дейін оқушыларға тек есеп шығаруды, шығарма жазуды үйретіп келген ұстаз енді мейірбандық, жанашырлық, сезімталдық қасиеттерін оқушылардың бойына сіңіремін деп шешті. Расында мақсаты жүзеге асып, әлгі жексұрын көрінген бала сыныптағы ең үздік оқушылардың біріне айналды.

Серік он бір жылдықты өте жақсыға бітіріп, университетке оқуға түсті. Арада бес жыл өтті. Фатима мұғалімі оқушысы Серіктен хат алды, ол хатында: «Оқуды аяқтадым. Сіз мен үшін дүниедегі ең керемет мұғалім болып қаласыз» депті.

Серік тағдырдың тар және тайғақ жолын кешіп, университетті аяқтаса да, алған біліміне қанағаттанбай, ғылым қуып, докторлық дәреже алса да, Фатима апайына алғысын білдірген хаттары толастамады.

Құмсағаттың құмындай сырғып өмір өтіп жатты. Кезекті хаттарының бірінде оқушысы үйлену тойын жоспарлап жатқанын, әкесі үш жыл бұрын қайтыс болғанын енді тойына келіп, анасының орнына отыруын етінді. Әрине, мұғалімі келісім берді. Той күні өзі ұзатылатын қыздай жасанып, оқушысы тарту еткен анасының алқасын тағып, оның иіссуын сөйіп тойға келді.

Мұғалімін қарсы алған бала «Анамның иісі аңқып тұр ғой сізден» - деп көңілі босап, сосын көпшілікке: «Анам қайтыс болғаннан кейін өгей әнем анамның қарапайым алқасын, сүйсініп жағынатын өтірін қоқысқа лақтырып жіберген болатын. Сол кезде мені де анамның заттарымен бірге лақтырып жібергендей болды. Бірақ анамның заттарын қоқыстан алып үйге әкеліп тығып қойдым. Содан өзімді бейшара сезініп іштей тұйықталып, үлгерімім нашарлап айналаға жағымсыз бола бастадым.

Бір мерекеде оқушылар Фатима апайға сыйлық берді, мен де олардан қалыспай анаман қалған ең қымбат заттарды мұғалімге сыйладым, мұғалім менің көңілімді қалдырғысы келмеді ме, сыйды қабыл алды. Мен мұғалімнің мойнынан анамның алқасын көрсем, анамның өтірінің иісі шықса анамды көргендей болатынымын, апайдың арқасында өзімнің біреуге керек екенімді сезіп, өзіме не керек екенін түсініп, мұғалімнің берген тәлімінің арқасында өмірге қайта оралғандай болдым. Осылай ұстазымның тәрбиесінің арқасында бүгінгі дәрежеге жеттім. Сондықтан Фатима апай мен сізді анам деп санаймын, сіздің маған берген іліміңіз, біліміңіз үшін көп рахмет!» – деді.

Баланың жүрекжарды сырын естіген мұғалімі қуаныш жасына ерік беріп: «Иә, Серік баламның өмір жолымен танысқан соң оған көзқарасым өзгерді. Мұғалімнің міндеті оқушыларға тек сабақ беру ғана емес, олардың бойына сондай-ақ мейірбандық, жанашырлық, сезімталдық қасиеттерін де сіңіру керек екенін кеш те болса түсіндім. Серік баламның арқасында оқушыларға білім мен ізгілікті қатар сіңірдім, осы қасиетімді оятқан Серік балама рахметтен басқа айтарым жоқ! Ал мені анам деп санауы мен үшін үлкен қуаныш, ана ретінде оның өмірде бақытты болғанын қалаймын» – деген еді.

Ерсін ЕРФАЛИЕВ.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 11 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Апта.kz»
11:05 «Дара жол» 12:30 «Ақсауыт» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:30 KAZNEWS 17:55 «БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ» 18:05 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫМ!» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «СЕРПІЛІС» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҮРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:45 «SPORT.KZ» 1:05 «Серпіліс» 1:50 «Менің Қазақстаным!» 2:20 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 07:55 «Гороскоп» 08:00 «Жаңа күн» 08:55 «Гороскоп» 09:00 «Жаңа күн» 10:00 «7 күн» 11:00 «Экономкласс» 11:10 «Магия кухни» 11:45 Мс «Фархат» 12:30 «Әр үйдің сыры басқа» Дд13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тх «Семейные мелодрамы» 14:05 «Подари детям жизнь» 14:10 Тс «Катина любовь» 15:00 Новости 15:15 Тх «Гашық жүрек» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Өмір сабақтары» Дд17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Орталық Хабар» 19:00 «ТВ Бинго» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:20 Тс «След» 23:00 «Бетпе-бет» 23:25 «Негізінде...» 23:30 Қорытынды жаңалықтар 00:00 «Гороскоп» 00:05 «Сотқа жеткізбей» Д1 00:35 «Гороскоп» 00:40 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ЖДИ МЕНЯ» 12:00 «П@УТИНА» 12:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 14:20 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 «Смотрим вместе!» «КАК ВЫИТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Мелодрама «Я БОЛЬШЕ НЕ БОЮСЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 Кино «УМНИК» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Без следа» 17.15 «Прямой эфир» 20.00 Т/с «Следователь Тихонов» 22.55 «Честный детектив» 23.50 «Особый отдел. Коннтрразведка». «Иные. На пределе чувств» 01.25 Т/с «Срочно в номер!» 02.25 «Пугачёва, Распутина: Все звёзды Дербенёва» 03.25 «Комната смеха»

СЕЙСЕНБІ, 12 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Тх 10:50 «Қазына» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:30 KAZNEWS 17:55 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 18:15 «Бүгінгі күннің батырлары» Арнайы жоба 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҮРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:50 «Қазына» Тх 1:35 «Еуразия тұлғалары» Деректі фильм (Қазақстан 2006 ж.) 2:05 «Қылмыс пен жаз» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 07:50 «Гороскоп» 08:00 «Жаңа күн» 08:55 «Гороскоп» 09:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» Дд12:15 Тх «Зәуре» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тх «Семейные мелодрамы» 14:05 «Подари детям жизнь» 14:10 Тс «Катина любовь» 15:00 Новости 15:10 Тх «Гашық жүрек» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Тағдыр жолы» 18:30 Тх «Бажалар» 19:05 Тх «Зәуре» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:20 Тс «След» 23:00 «Бетпе-бет» 23:30 «Арнайы хабар» 23:55 «Гороскоп» 00:00 «Негізінде...» 00:05 Қорытынды жаңалықтар 00:35 «Гороскоп» 00:40 «Сотқа жеткізбей» Д1 00:10 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» Кино 12:00 «П@УТИНА» 12:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:30 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:25 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ14:20 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 «Смотрим вместе!» «КАК ВЫИТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «Я БОЛЬШЕ НЕ БОЮСЬ» Заключительная серия 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 Кино «УМНИК» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Без следа» 17.15 «Прямой эфир» 20.00 Т/с «Следователь Тихонов» 22.55 Вести.доc.00 40 «Год на орбите». «Приключения тела. Испытание жарой» 02.15 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 03.15 «Комната смеха»

СӘРСЕНБІ, 13 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Тх 10:50 «Қазына» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» Арнайы жоба 18:05 «Келбет» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҮРЛАН ҚОЯНБАЕВ»

23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:50 ФУТБОЛ АҒЫЛШЫН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ «КРИСТАЛ ПЭЛАС» - «ЭВЕРТОН» 3:00 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 07:50 «Гороскоп» 08:00 «Жаңа күн» 08:55 «Гороскоп» 09:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» Дд12:15 Тх «Зәуре» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Семейные мелодрамы» 14:05 «Подари детям жизнь» 14:10 Тс «Катина любовь» 15:00 Новости 15:10 Тх «Гашық жүрек» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 18:00 «Сильные духом» 18:30 Тх «Бажалар» 19:05 Тх «Зәуре» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:20 Тс «След» 23:00 «Гороскоп» 23:05 «Негізінде...» 23:10 Қорытынды жаңалықтар 23:40 «Гороскоп» 23:45 «Арман қанатында» 00:05 «Сотқа жеткізбей» Дд00:35 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» Кино 12:00 «П@УТИНА» 12:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:30 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:25 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 14:20 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 «Смотрим вместе!» «КАК ВЫИТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Фильм «ТАМ, ГДЕ ТЫ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 Кино «УМНИК» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50, 03.45 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Без следа» 17.15 «Прямой эфир» 20.00 Т/с «Следователь Тихонов» 21.55 «Специальный корреспондент» 23.35 «Частные армии. Бизнес на войне». «Как оно есть. Соя» 01.50 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 02.50 «Комната смеха»

БЕЙСЕНБІ, 14 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Тх 10:50 «Қазына» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:30 KAZNEWS 17:55 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 18:15 «БАЛАМЕН БЕТПЕ-БЕТ» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «АЯУЛЫ АРМАН» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҮРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 32:00 «Бөлімі 0:00 KAZNEWS 0:50 «Қазына» Тх 1:35 «Журналистік зерттеу» 1:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:05 «Жан жылуы» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

ХАБАР

07:00 «Бұйымтай» 07:55 «Гороскоп» 08:00 «Жаңа күн» 08:55 «Гороскоп» 09:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» Д1 12:15 Тх «Зәуре» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Семейные мелодрамы» 14:05 «Подари детям жизнь» 14:10 Тс «Катина любовь» 15:00 Новости 15:10 Тх «Гашық жүрек» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Тағдыр жолы» 18:20 «Сильные духом» 18:40 Тх «Бажалар» 19:10 Тх «Зәуре» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:20 Тс «След» 23:00 «Гороскоп» 23:05 «Негізінде...» 23:10 Қорытынды жаңалықтар 23:40 «Гороскоп» 23:45 «100 бизнес-тарихы» 00:10 «Сотқа жеткізбей» Дд00:40 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» Кино 12:00 «П@УТИНА» 12:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:30 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:25 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 14:20 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 «Смотрим вместе!» «КАК ВЫИТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2» 16:40 Ток-шоу «РОДИНА» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Фильм «ТАМ, ГДЕ ТЫ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 Кино «УМНИК» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 14.00, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 11.00 Прямая линия с Владимиром Путиным 16.30, 22.25 «Вечер с Владимиром Соловьёвым» 20.30 Т/с «Следователь Тихонов» 00.05 «Севастополь. Русская Троя» «Владимир Зельдин. Кумир века» 02.15 Т/с «Срочно в номер. На службе закона» 03.15 «Комната смеха»

ЖҰМА, 15 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Аяулы арман» Тх 10:50 «Қазына» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:30 KAZNEWS 17:55 «ИМАН АЙНАСЫ» 18:15 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:05 ПАРЛАМЕНТ 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!» 22:30 «КЕЛІН» Тх 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 KAZNEWS 0:45 «Қазына» Тх 1:30 «Иман айнасы» 1:50 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:00 «Ғасырлар үні» Деректі фильм 2:30 «Сіз не дейсіз?» 3:00 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 07:55 «Гороскоп» 08:00 «Жаңа күн» 08:55 «Гороскоп» 09:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Әр үйдің сыры басқа» Дд12:15 Тх «Зәуре» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Семейные мелодрамы» 14:05 «Подари детям жизнь» 14:10 Тс «Катина любовь»

15:00 Новости 15:10 Тх «Гашық жүрек» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Өмір сабақтары» Дд16:50 «Экономкласс» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Тур де Хабар» 18:25 «Сильные духом» 18:45 Тх «Бажалар» 19:15 Тх «Зәуре» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:30 Мегахит «Семь жизней» 23:35 Кино «Ангел-А» 01:10 Қорытынды жаңалықтар 01:40 «Сотқа жеткізбей» Дд02:10 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» Кино 12:00 «П@УТИНА» 12:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:30 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:25 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 14:20 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:35 «ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ» 15:15 «ПРАВДА» 15:20 Фильм «МУЖИКИ» 17:35 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 «АВТОКУШ» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ» ВЫСШАЯ ЛИГА 2:10 «П@УТИНА» 2:30 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 4:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Тайны следствия» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Без следа» 17.15 «Прямой эфир» 20.00 «Юморины» 21.30 «Сны о любви» Юбилейный концерт Аллы Пугачёвой 00.05 Х/ф «Бедная Лиз» 02.20 «Космический камикадзе. Угол атаки Георгия Берегового» 03.40 Х/ф «Двое в пути»

СЕНБІ, 16 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:00 «Жаңа қоныс» Тх 8:35 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:05 «ДАУА» 10:40 «Әзіл өлемі» 12:30 «Ас болсын!» 13:15 «ТАБЫС СЫРЫ» 13:35 Мультфильм 13:55 «Туған елдің түтіні» Тх 14:40 «Өмірдің өзі новелла» Тх 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік әндер» 21:00 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ЛИГА 1/8 финал 4-топ 0:05 KAZNEWS 0:40 Драма «Бір мезетте» 2:15 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:10 «Әсем әуен» 08:55 «Сықырлы ас үй» 09:25 Семейное кино «Инспектор Гаджет» 10:45 Мс «Инвизималс» 11:40 Сказки Братьев Гримм «Русалочка» 12:45 «Орталық Хабар» 14:00 «Жұлдызды дода» 15:35 Тх «Достық жәрмеңкесі или Базар на улице Мира» 16:30 Кино «Сказка о рыбаке и его жене» 17:30 Майра Мұхамедқызының «Шырқар өнім - Астана көктемі» атты концерті 19:40 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн 22:00 Мегахит «Шестой день» 00:10 Тх «Күн сақшылары» 01:50 Өзезов атындағы театры «Қаракөз» спектаклі

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА» 8:00 «ТАҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СНАК» 9:40 Мелодрама «С ЧИСТОГО ЛИСТА» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «П@УТИНА» 14:25 Премьера «ОТКРИТИЕ КИТАЯ» 15:00 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ» ВЫСШАЯ ЛИГА 17:15 Кино «АНИОТИНО ЧАСТЬЕ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «АНИОТИНО ЧАСТЬЕ» Продолжение 22:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСҮ» 23:10 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:50 Боевик «ВАЛЛАНЦАСКА- АНГЕЛЫ ЗЛА» 2:10 «112 НЕДЕЛЯ» 2:30 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 3:15 «НЕЗНАКОМКА ИЗ УАЙЛФЕЛЛА»

РОССИЯ 1

05.15 «Сельское утро» 05.45 «Диалоги о животных» 06.40, 10.10, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00 Вести 07.10 РОССИЯ. Местное время 08.15 «Правила движения» 09.10 «Личное. Людмила Чурсина» 10.20 Х/ф «Свой.Чужой» 12.05, 13.30 Х/ф «Обучая игре на гитаре» 16.00 «Один в один. Битва сезонов» 19.00 Вести в субботу 20.00 Х/ф «Ненавизу» 23.55 Х/ф «Личный интерес» 01.55 Т/с «Марш Турецкого»

ЖЕКЕСЕНБІ, 17 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 «Жаңа қоныс» Тх 9:00 «АҚСАУЫТ» 9:30 «БҮГІН ЖЕКЕСЕНБІ» 11:15 «ЛЕССИ» Мультхика 5-8 бөлімдері 12:45 «Өмірдің өзі новелла» Тх 13:30 «Сәлем, Қазақстан!» 14:55 «ЖАРҚЫН БЕЙНЕ» 15:25 «Туған елдің түтіні» Тх 20:00 «АПТА КЗ» 21:00 «ЖАРАЙ МА?» Ернар Айдардың шығармашылық көші 23:15 «Road to France» «UEFA EURO-2016» журналы 23:50 Драма «Долана» 1:00 «Апта КЗ»

07:02 «Тамаша» 08:15 «Әсем әуен» 09:00 «7 күн» 10:00 «Ас арқау» 10:25 «Тур де Хабар» 10:55 Семейное кино «Мама объявила забастовку» 12:35 Сказки братьев Гримм «Гензель и Гретель» 13:40 «Бенефис-шоу» 15:00 Рамазан Стамгазиевтің «Айттым сәлем, сағынып» атты концерті 16:50 Кино «Гашық жүрек Кокейль для звезды»-2 18:30 «Қызық times» 19:45 «Жұлдыздар айтасың!» шоу бағдарламасы 21:00 «7 күн» 22:00 Мегахит «Семь лет в Тибете» 00:10 Тх «Күн сақшылары» 02:00 «Гороскоп» 02:10 Өзезов атындағы театры Ә.Тарази .«Ақын Періште Махаббат»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «НЕЗНАКО

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	7/04 БС	8/04 ЖМ	9/04 СН	10/04 ЖК	11/04 ДС	12/04 СС	13/04 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+6 +3	+5 +2	+8 +1	+9 +5	+12 +4	+6 +2	+6 +1
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		729	729	736	730	734	735	738
Желдің бағыты		О-Б	С-Б	Б	О-Б	О-Б	С-Б	С-Б
Желдің шапшаңдығы		7-9	3-5	4-6	7-9	4-6	2-4	2-4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Балабақша өмірінен

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы

Нижнеборлық ауылындағы «Балдырған» ясли-бақшасында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы аталып өтті.



Осы мерекеге даярлық, орталық, екінші кіші топ бүлдіршіндері өз өнерлерін көрсетіп, қонақтарды өздеріне

қаратып, қуаныш сыйлады.

Бүлдіршіндер ән салып, би билеп ата-аналарды тамсандырды. Ән-күй залы мерекеге сай безендірілді. Бүлдіршіндерге қонаққа Көктем мезгілі келіп, Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, салт-дәстүрге сай шашу шашып, бауырсақ таратты. Бүлдіршіндердің өнерін тамашалауға ата-аналар, әжелер келіп, қонақ болды.

Ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз мейрамына қазақ тілі мұғалімі Жанна Жұмабекқызы Нұрмағанбетова мен ән-күй жетекшісі Ирина Петровна Тычинина жауапкерлік міндетін атқарды. Сонымен қатар көмекші жүргізуші міндеті Сұлушаш Серікқызы Ахметоваға жүктелді. Осылайша «Балдырған» ясли-бақшасы Наурыз мейрамын көңілді атап өтті.

«Балдырған» ясли-бақшасы ұжымының атынан барша қазақстандықтарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, бастарына бақ, көңілдеріне шуақ, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына байланысты барлық отандастарды осындай мүшел жас мерекесімен құттықтай отырып, көк байрағымыз желбірей берсін деген тілектестігімізді жеткіземіз.

Жанна НҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Балдырған» ясли-бақшасының
қазақ тілі мұғалімі және тәрбиешісі.

Мектеп өмірінен

Ертегілер әлемінде

Ұлыдалада емін-еркін өмір кешкен қазақ халқының ұлы көшінде ертегінің алар орны ерекше. Оны біз ата-баба аманат етіп қалдырған ауыз әдебиеті үлгілерінен, оның ішінде сан алуан ертегілерінен көреміз. Халқымыздың көркем ойының, ұшқыр қиялының, сан алуан өмір қырларынан түсінігі мол болғанының куәсіндей ертегілер талай ұрпақты тәрбиелеп келді, әлі де тәрбиелеп келеді. Ұлы қаламгер Мұхтар Әуезовтің өшпес туындысы «Абай жолы» эпопеясынан әжесі Зере мен анасы Ұлжан айтқан ертегілер мен өткен күннің аңыз-әңгімелері Абай сияқты ғұламаның гуманистік дүниетанымын қалыптастырғанын байқаймыз. Ендеше, ертегі балаға керекті дүние ғана емес, оның досы, серігі болғанын бүгінгі күннің де педогогикасы қалайды. Бұған аудандық білім бөлімі тарапынан келіп жатқан ертегілердің әртүрлі форматтағы түрлері: балаларға арналған ертегі-кітаптар, аудио-ертегілер, сөйлейтін ертегі кітаптар жатады. Әсіресе, соңғысы балалар үшін тартымды да қызықты болып шықты. Түймесін түртіп қалсаң қалаған ертегіңді дауыстап айтып беретін сөйлейтін-кітап 1 сынып оқушыларына қатты ұнады, кітапханашы ретінде мен де оларда жиі қонақта боламын. «Қанбақ шал», «Кім күшті?», «Ғажайып бақ», «Мұрагер»,



«Сиқырлы жүзік», «Батпан құйрық» сияқты ертегілер бала қиялын дамытатын көрнекі құрал екеніне ертегі сарынына елтіген бала түрін көріп көзім жеткендей. Өмірдің өзі – ертегі, балаларға ертегіні жиі айтайық дегім келеді.

Күләш НҰРПЕЙISOBA,
Дәуқара ОМ-нің кітапханашысы.

Аналар-көңілдің ажары, балалар-өмірдің базары

Ана, Ана, Ана!. Осы сөздің өзі адамға қандай күш береді?! Дүниеде ананың мейіріміне, аялы алақанына не жетеді?! Жақсылық атаулының барлығы да ананың сүтінен жаралған. Халық арасында «Меккеге анаңды үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген



сөз ананың соншалықты қадірлі екенін адамзатқа ұғындыру үшін айтылса керек. Сондықтан бұл сөзімнің мәнін ананың қабағына кірбің түсірмей аялап ғұмыр кешу деп ұғамыз. Адамды дүниеге әкелетін өмір сыйлайтын – құдіретті ана. «Ана» деген қасиетті сөзді ойға алғанда тебіренбейтін жан жоқ. Әр адамның өз анасы өзіне асқар тау, биік шың болып көрінері хақ. Жер бетіндегі әсемдік атаулының бәрі анаға деген сүйіспеншіліктен туған. Ана баласының ғана қамқоршысы емес, ол адамзат атаулының амандығын тілеп,

сол үшін күреске шығады. «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» демекші, әрқашанда аман-сау жүріңіздер, аяулы аналар!-дей келе, 2 сынып оқушыларының әдеби-сазды бағдарламасы «Шаңырақ» сайысына ұласты. Сайысқа қатысқан жеті аналарымыз ұлттық киімде, әнді сүйсең, менше сүй», - деп Абай атамыз жырлағандай өз өнерлерін ортаға салды.

«Шебердің қолы ортақ» сайысында аналарымыздың үйден істеген істерін тоқыған шеберлік жұмыстарын тамашаласақ, «Мақал қуаласпақ» ойыны, «жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, қазақтың ырымдарын түсіндіріп айтып беруден алдарына жан салмады. «Ойнайық та, ойлайық», «Ас - адамның арқауы» сайысында үйден дайындап әкелген жаңа салат түрін әділқазы алқасына ұсынды. Аналарымыз қыздарының сұлулық сырын паш ететін шаш өру үлгісін де заман талабына сай жасап, қорғады. Бірінен бірі асқан көрікті, өнерлі, талантты аналарымыздың әрқайсысы ерекше дайындықпен келгені байқалды. Сайыс соңында әділқазыларымыз, зейнеткер ұстаздар Байдулинова Қ.Ш. және Тұңғатарова З.Ш. аналарымызға әділ бағаларын беріп, құттықтауларын жолдап, алғыстарын айтты. Әрбір анаға сайыс номинациясының жеңіс мадақтамалары табыс етілді. Сөз кезегін алған оқу ісінің меңгерушісі Л.Ж. Аленова аналарымызға, ұстаздарға және оқушыларға өз құттықтауың алғысын айта отырып, дендеріне саулық, отбастарына амандық тілеп, рахметін жеткізді. Аналарымызда өз жүрек жарды тілектерін білдірді.

Әрбір шаңыраққа шаттық пен қуаныш, ізгілік пен мейірім шуағын төккен аналар жаққан шырақ сөнбесін дегім келеді.

Баршын СЕЙТОВА,
Бірлестік ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

Құттықтаймыз!



Ардақты да, асыл ақ жаулықты анамыз **Молдахмет келіні Абдрахманқызы Рабиғаны** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.
Анам менің, анашым, ақ мамам, Өзіңізбен бұл ғаламда мақтанам. Құтты болсын, мама, туған күніңіз,

Мәңгі жасап, жүзден ассын жасыңыз. Шөбереден шөпшек көріп өмірде, Өмірдің тек қызығына батыңыз.

Игі тілекпен: балалары, қыздары, келіндері, күйеу балалары, немерелері, шөберелері, туған-туысқандары.

Сырымбет ауылының тумасы, тұрғыны **Қасенова Анар Сарықызын** дүние есігін ашқан 8 сәуір – сәтті күнің ұзақ жылдар тойлана беруіне тілектестік білдіре отырып, шын жүректен құттықтаймыз!
Анарым, құтты болсын туған күнің! Қуантқан ата-ананы сәби үнің. Дос-жаран, отағасы, отбасыңмен, Тойлансын ұзақ жылдар бұл сәтті күн! Анар деп қойған екен есіміңді.

Анар – жеміс, өте тәтті, ең шырынды. Нәрлендіргейсің баршамызды анардайың, Нұрландырғайсың айналаңды Күн көзіндей, айналайын!

«Мама» – деп күлімдегеніңді көргенімде, Жүрегім майдай еріп жетеді төбем көкке. «Тәубә!» деймін Раббыма риза болып, Кетпегеніне еңбегімнің босқа, текке. Тізгінін саған бердім Ордамыздың, Бәрінен үлкенісің орта буын.

Ұлы Ұмай, дана Домалақ аналардай, Пана болайсың әулетіңе тас қамалдай. Сіңірген еңбегіңнің көп төгіп тер, Бұйырыпты ұрпағыңның рахатын көр. Ақталып зор сенімнің, қабыл боп ақ тілегің, Бола көрсін ұл-қызыңның тұрағы төр. Жасыңа жас қосқайсың, Анаржаным, Баламның жан серігі, балапаным. Қосағыңмен қоса азар, ғұмырлы бол, Таймасын Алла берген басыңнан бағың. Игі тілекпен: отбасың, бауырларың.



Бәсекелестік ортаға табыстау туралы

2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 Қазақстан Республикасы Үкіметтің қаулысымен бәсекелестік ортаға берілетін мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың 783 объектісінен тұратын тізбесі белгіленген 2016 – 2020 жылдарға арналған Жекешелендірудің жаңа кешенді жоспары бекітілді.

Бәсекелестік ортаға берілетін коммуналдық меншік ұйымдардың тізбесіне Үкімет қаулысының 6-қосымшасына сәйкес біздің ауданымыздың екі кәсіпорыны кірді – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Қамқор» ШЖҚ МҚК, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Су» ШЖҚ МҚК.

2016 жылдың екінші жартыжылдығында «Айыртау-Қамқор» ШЖҚ МҚК және «Айыртау-Су» ШЖҚ МҚК-ның мүліктік кешенін сату бойынша электрондық коммерциялық тендерді өткізуді жоспарланды.

Электрондық коммерциялық тендерді өткізу бойынша қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8(71533)22369.

Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Көңіл бөліңіздер!

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» ТҚЖ салымдары бойынша өтемақы төлеу тәртібін бастады.

ТҚЖ шартының Қосымша келісімдерін жасау **2016 жылғы 8 ақпаннан 2016 жылғы 31 маусымға (қоса алғанда) дейінгі кезеңде** салымшының электронды санды қолтаңба арқылы қол қою жолымен жүргізілетін болады.

Электронды үкіметтің www.egov.kz интернет порталында;

Банктің www.hcsbk.kz интернет ресурсында.

Сұрақтар туындаған жағдайда 300 номері бойынша Банктік байланыс орталығына хабарласуға болады.

Алғыс білдіреміз

Сулыкөл ауылының тұрғындары «Мақсат» ШҚ-ның жетекшісі Бауыржан Каконовқа қыз мезгілінде Качиловка-Сулыкөл бағытындағы жолды үнемі тазалап тұрғаны үшін алғысымызды білдіреміз.

САТЫЛАДЫ

* Семіртулі тұрған төрт жастағы жылқы сатамын.

Қаратал ауылы. тел: 52-509.

(3-3).

* * *

* **ШҰҒЫЛ!** 2 бөлмелі пәтер сатамын.

Мекенжайы: ЖДС көшесі, №1 үй, №3 пәтер. Тел: 87710915329. (3-3).

Айыртау аудандық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері

Ескендір Кәрімовтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты балаларының, туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.	Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru	Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.	Индексі 65844. Таралымы 1355, № 459 тапсырыс Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министірілігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.	Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның кезқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.
--	---	---	---	---